

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

IV ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ

Алматы, Қазақстан, 2017 жыл, 4-21 сәуір

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЖАҒАНДЫҚ ЖАҢҒЫРУЫ: «АЛАШ»
ЖӘНЕ «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯЛАРЫ»** атты халықаралық ғылыми-
теориялық және әдістемелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

6 сәуір 2017 ж.

IV МЕЖДУНАРОДНЫЕ ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ

Алматы, Казахстан, 4-21 апреля 2017 года

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-теоретической и методической конференции
**«КАЗАХСТАН В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ:
ИДЕИ «АЛАШ» И «МӘҢГІЛІК ЕЛ»**

6 апреля 2017 г.

IV INTERNATIONAL FARABI READINGS

Almaty, Kazakhstan, 7-21 April 2017

MATERIALS

of the International scientific, theoretical and methodical conference
**«KAZAKHSTAN IN THE NEW GLOBAL REALITY: THE IDEA OF
«ALASH» AND «MANGILIK EL»**

6 April 2017 y.

Алматы, 2017

Жалпы редакциясын басқарған

Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редакторлар:

Рамазанов Т.С. - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі

Кәрібаев Б.Б. – Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі

Құрастырушы

Байдавлетова М.Д. – Қазақстан тарихы кафедрасы меңгерушісінің ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары, PhD

«Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш» және «Мәңгілік ел» идеялары» атты халықаралық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференция материалдар жинағы. Алматы, 6 сәуір 2017 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 372 б.

«Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің 100 жылдығына орай ІҮ халықаралық «Фараби оқулары» аясында ұйымдастырылып отырған халықаралық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференция материалдарының жинағына отандық және шетелдік ғалымдардың Қазақ елінің тәуелсіздігі жолындағы Алаш қайраткерлерінің саяси-қоғамдық және мәдени-ағартушылық қызметтері, Алаш идеясының «Мәңгілік ел» идеясымен сабақтастығы туралы ғылыми тұжырымдары, сондай-ақ тарихты оқытудың инновациялық әдістеріне байланысты зерттеулері топтастырылды.

Жинақ тарихшы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттеріне және тарихқа қызығушылық білдіретін көпшілік қауымға арналған.

Баяндама мәтіні мен мазмұнындағы қателер үшін автор жауапты.

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ДІН МӘСЕЛЕСІ

С. Смағұлов,

ал-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың аға оқытушысы

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси-идеялық ахуалына ислам дінінің әсер еткенін мүлдем жоққа шығаруға болмайды. Ресей мемлекетінің отарлық қыспағындағы орыстандыру саясатын дер кезінде байқаған қазақ зиялылары қазақ халқын ислам дініне жаппай тартып, жаңа үлгідегі мектеп, медреселер арқылы дін насихатын күшейтуді, сөйтіп,

енжар, көшпелі халықты бір ту астына біріктіруді өздерінің патриоттық борышы ретінде таныды. Орыс чиновниктерімен ауыз жаласқан молдалар мен дін өкілдерінің исламды бұрмалаған, дүмшелікке айналдырған жағымсыз әрекеттері қоғамдық, саяси-құқықтық ой-пікірлер аясында қатаң сынға ұшырады. Европалық білім ордаларынан сусындаған қазақ зиялылары барлық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, дінді саясат пен ағартушылыққа және құқықтық жүйені өзгертуге ұштастыру арқылы ұлттық прогресске көтерілуді – саяси міндеттердің ең өзекті, көкейтесті санатына жататын заңдылығын айқын байқаған.

Сондықтан, Қазақ ұлт зиялылары саяси күресте діни фактордың маңызын жақсы түсінді. Олар қазақ халқының діні ислам екенін көрсете отырып, қазақтарды нағыз мұсылман ретінде таниды. Біздің қазақтың бүкіл өткен зиялылары дінмен тікелей байланыста болды. Қазақтың дәстүрлі ұғымында зиялылық тікелей дінмен астасып кеткен. Исламда зияткерлік өте күшті дамыған. Зиялылықтың өзі араб сөзінен шыққан. Ол тікелей ғылыммен, имандылықпен байланысты. Осының бәрі зиялылықтың негізі имандылықтан, діни білімнен басталатынын көрсетеді. Біз қазақ ұлт зиялылары көпшілігінің өзінің әуелгі сауатын мешіт қабырғасынан, молдадан дәріс алғанын байқаймыз, яғни негізінен қазақ зиялылары діннен сусындаған. Алаш қайраткерлерінің ішінде ислам дінінің көптеген ірі өкілдері болды.

Дүниежүзілік тарихтың қайсыбір қиын-қыстау кезеңдерінде дін – ұлт зиялыларының рухани қаруына айналып, отарлық езгіге қарсы бұқара халықты көтеруге, біріктіруге және топтастыруға пайдаланылған күш болған. Осы мәселені жақсы меңгерген кейбір алаш зиялылары шарият арқылы қоғамдық қатынастарды реттеумен халықты дінге баулып, оған деген талаптарды күшейтіп, мұсылман көшпелі қазақ халқын біртіндеп тәуелсіздік жолына түсіруге тырысты. Белгілі Қоянды жәрмеңкесінде өмірге келген Қарқаралы петициясына 14,5 мың адам қол қойған еді. Петициядағы 11 тармақтан тұратын талап-тілектер сол тұстағы қазақ елінің қоғамдық өмірдегі ең негізгі мұқтаждықтарын толық қамтыды. Онда жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сай өзгерістер енгізу, цензурасыз газет шығару және басқа аса маңызды мәселелермен қатар ұждан бостандығы, дін тұту еркіндігі мәселелері де көтерілді.

Бұл петициялардың мазмұны жөнінде нақты түсінікті Орал және Торғай облыстары қазақтары жолдаған петициямен танысу арқылы алуға болады. Ол қазақ тілінде жазылып, 1905 жылы Орал қаласындағы К.М.Тухватуллин баспасында жарық көрген. Екі бөлімнен тұратын бұл құжатта қазақ елінің дін және жер мәселелеріне байланысты талаптары жан-жақты және дәл баяндалған. Петицияның әр бөлімінің соңына 22 адамнан қол қойған және олардың басым бөлігі (30-ға жуық) ишан, қажы, молла сияқты дін қызметіндегі кісілер болатын. Сондай-ақ бұл құжатты дайындауда Бақытжан Қаратаевтың басшылық рөл атқарғанын аңғару қиын емес [1]. Сондықтан бұл іске дін қызметкерлері де өз үлесін қосқан және олардың ықпалы аз болмаса керек. Ә.Бөкейханов петиция тексінде дінге байланысты талаптардың бірінші кезекте тұрғандығын діншіл, түркішіл интеллигенцияның халық арасындағы ықпалының басым түсіп жатқандығымен байланыстырды [2], - деп атап көрсетеді белгілі тарихшы-ғалым М.Қойгелдиев.

Ресей Мемлекеттік Думасына депутат болып сайланған қазақ зиялылары мұсылман депутаттары фракциясына қатысып, жұмыс жасады. Олар мұсылман депутаттардың фракциясында қаралған кеңестерде қазаққа керекті мәселелерді көтерді.

Ұлттық мерзімді баспасөзі жоқ, ал жазба әдебиеттің әлі қалыптасып үлгермеген кезінде қоғамдық-саяси тақырыпқа жазылған кітаптардың орны ерекше еді. Сондай отаршыл әкімшілік орындарына үлкен қолайсыздық тудырған алғашқы кітаптардың бірі 1909 жылы Уфа қаласында жарық көрген Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» кітабы болды.

«Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты!

Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,

Қазағым, енді жату жарамасты!» [3].

Бұл кітап сол тарихи кезеңдегі қазақ қоғамдық өмірінің ең зәру саяси-әлеуметтік мәселелерін көтеріп, ұлттық сананың оянуына үлкен әсер етті. «Оян, қазақ!» халық арасына

тез тарап, өте көп оқылатын кітапқа айналды. Бір қызығы сол, бұл кітапты халық арасында кең насихаттауда белсенділік танытқан дін қызметкерлері молда, имамдар болды. 1911 жылы маусым айында Ақмола губернаторының нұсқауы бойынша «мұсылман жұрттарының арасында қылмысты басылым «Оян, қазақты!» таратып, қылмысты іс жасағаны үшін Ақмола қаласындағы 2-ші үлкен мешіттің имамы Хаджитулла Хақим Дауд Махмутовтан жауап алынып», имамның ондай іспен айналысқаны дәлелденген соң, ол қызметінен қуылып, Дала Ережесінің 34-бабына сәйкес дала облыстарынан үш жылға жер аударылған [4].

Ахмет Байтұрсынов «Қазақ» газетінің беташары болған кіріспе сөзін «Құдай сәтін салсын «әумин» деп қол жайып, «әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік» деп бастайды [5]. Ә. Бөкейханов 1915 жылы өзінің «Қазақ» газеті шыққанының 2 жылдығына арналған «2 февраль» атты мақаласында «Күштіге сыйынсаң құдайға сыйын» деген әуелі құдайға сеніп, екінші, құдайдан соңғы күшті халыққа сүйеніп, «Қазақ» алдағы жасына аяқ басты. Қайырлы болсын!» [6] - деп жазады.

Осы жерде «Қазақ» газеті ислам діні мәселесі бойынша ғылыми негізделген тактика ұстанғанын айтып кету керек. Ол қазақ халқының көпшілік бөлігінің діншіл екеніне, Алланы және оның «жердегі өкілдері» молдаларды шын жүректен қадірлейтініне көңіл бөлді. Газет редакциясы «мұсылмандар одағының» кадеттік бағдар ұстанатынын ескерді. Ә. Бөкейханов пен басқа да авторлар 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін бүкіл Ресейде орын алған қуатты мұсылман қозғалысымен есептесіп отырды. Бірқатар мұсылмандар съездерінің жұмысына қатысқан Ә. Бөкейханов бір-біріне жалғасты бірнеше мақалалар жазып, онда «Қазақ» оқырмандарына адамгершілік проблемаларын және оларды Ресей жағдайында шешу жолдарын ұғынықты етіп түсіндірді. «Қазақ» газеті діни қызбалықты қоздырған жоқ, керісінше, империя құрамындағы түрлі ұлттардың дінге сенушілерін топтасуға шақырды. Газет көзі ашық халықтардың француз революциясы мен өзге де буржуазиялық революциялар рухындағы теңдік, жеке адамға ешкімнің тиіспеушілігі, дін ұстану еркіндігі жөніндегі мұраттарын ескерді. «Қазақ» газеті дінді мектеп пен мемлекеттен бөлуді жақтап, діни экстремизмге қарсы шықты, сонымен бірге жыныс, дін ұстану, ұлт айырмашылығына қарамастан барлық азаматтардың заң алдында тең екенін жариялап, жеке адамның бас бостандығы мен оның еркіндігіне қол сұқпауды қорғады.

«Сенат айтуынша, қазақ христиан дінін мұжыққа қарап телміргенде қабыл етпек. Оны құр ойларымен бал ашып, айтып отырған жоқ, іс жүзінен көріп айтып отыр. Алтай хәм миссиасының 1893 жылғы отчетында айтады: «1893 жылы қазақтан шоқынған еркек-әйелі бар 69 кісі. Христиан дінін оңай қабыл еткіштер жарлылар; Қалың қазақтың ішінен шығып, қалаларға келіп малайлыққа жалданғандар; Бұлар бірте-бірте орыс тілін біліп, орыстың ғұрпымен, дінімен танысады. Сонан соң христиан дініне икемдеп бұрмалаушы әуел бастап тұрған қожалары болады» деп.

«Новое время» газетасының 7643 номерінде осы туралы жазды. Ол жазады: «Біздің миссионеріміздің шоқындыратындары қазақтың сорлылары, жарлылары. Өз жұртының ішінде теңдікке қолы жетпей, малайлыққа жүріп, жарық сәуле көрмегендер жаңа дінге кіріп, жаңа дін қарындас тауып, жақсылыққа толымсыз жетерме деп дәмелі болатындар» деп 1892 жылға Қоянның ашаршылығында Қостанай уезінде бір ауыл қазақ шоқындып кеткен жоқ па? Бай қазақта бір адам шоқынды деп миссионерлер де, газеталар да жазған емес. Сондықтан Алекторов айтқан: миссионерлер пәлен етіп жатыр деп газеталар жыр қылады. Ондағы шоқындырдық деп мәз болатындары өңшең тамағын асыра алмай есікте жүрген малайлар; Жоқшылықтың зарынан неге де болса көнетін шарасыздар. Миссионерлер қазақтың ішіндегі қарны тоқ, қадірлі адамдарын шоқындырса екен. Оларды шоқындыру жарлыдан гөрі қиынырақ болар, оның есесіне шоқындырдық деп мақтануға сыйымдырақ болар» деп.

Осылардың бәрі де жарлы қазақты шоқындыру оңай, бай қазақты шоқындыру қиын екендігін көрсетеді хәм сенаттың қазақ күні мұжыққа түссе, христиан дінін қабыл етеді

деп топшылауы құр оймен бал ашу еместігін көрсетеді» [7]. Міне, бұл жерде Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінде жарияланған өз мақаласында кейбір қазақтардың христиан дініне кіруінің себептерін ашып көрсетеді. Ол біріншіден, олардың ауыр әлеуметтік-

экономикалық жағдайы, жоқшылықтың зарынан неге де болса көнетін шарасыздық, екіншіден, орыс үкіметінің әдейі жүргізген қазақтарды шоқындыру саясаты салдары екенін көреміз.

«Үкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақ дінге нашар күйде өткен, енді қазақты басқа дінге ауыстырам деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыруға болмайтын жұмыс. Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітап жоқ кезінде жоғалмаған тіл газета, журнал шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда қазақ тілі жоғалмас. Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамын деген пікірден үкімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу керек.

Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайлы» [8]. Ал, қазақ ұлт жанашырының бұл мақаласынан қазақты басқа дінге ауыстырам деу құр әурешілік, ғасырлар бойы қалыптасқан ислам дінінен халықты ажырату мүмкін емес екенін, қайта бастауыш мектептерде дін, ұлт тілін оқыту қажеттігіне басты назар аударып отырғанын байқаймыз. 1916 жылы тамызда Орынборда, Торғай облыстық мекемесінде, қазақ өкілдерінің жиылысы болып, онда өкілдер кеңесінің қаулысымен «Ауылнай қол астына бір молда қалсын. Намаз, жаназа оқуға, туғанға ат қосу, өлгенге иман айтуға бір ауылнай елге бір молда өте қажет» [9] деген шешім қабылданды.

1917 жылдың жазындағы қиын-қыстау сәтте қазақ ұлттық-демократиялық қозғалысының көсемдері жағдайдың және саяси күштердің тез өзгеруін есепке ала отырып, жалпықазақ съезін өткізуді жылдамдату туралы шешім қабылдады. Бұл негізінен кадеттер басқарып отырған Уақытша үкіметтің шын мәнінде Қазақстанда патшалық самодержавиенің саясатын жалғастырып отырғандығымен, ұлттық мәселені шеше алмағанымен және аграрлық мәселені шешуге құлықсыз екендігімен түсіндірілді. Өз жолын өзі анықтау немесе басқа да езілген ұлттардың тағдыры сияқты қазақ халқына келгенде, Уақытша үкімет оны шешуді тіпті ойластырған да жоқ.

Осындай себептерден келіп, ұлттық-демократиялық интеллигенция көсемі Ә. Бөкейханов «Қазақ» газетінде өзінің кадеттер партиясынан шығатынын және қазақтың жалпыұлттық партиясын құрғысы келетінін ашықтан-ашық мәлімдеді. Осы мәселеде ол үш жайтты нақты атап көрсетті: «Кадеттер партиясы жерді жеке меншікке беру керек деп отыр. Біздің жағдайымызда жерді жеке меншікке беру, біраздан кейін, бұл Башқұртстанда болғаны сияқты, жеріміз көрші мұжықтың қолына өтеді де, қазақтар жерсіз қалып, қайыршылыққа ұшырайды. Кадеттер партиясы ұлттық автономияға қарсы шығып отыр. Біз Алаш туын жоғары көтеріп, ұлттық автономия құруға ұмтыламыз... Кадеттер партиясы шіркеуді мемлекеттен бөлуге қарсы, ал мен шіркеудің мемлекеттен бөлінуін қалаймын. Осы ұстаным бойынша келіспеушілік... айқын байқалды. Сол себепті мен кадет партиясынан шығып, «Алаш» партиясын ұйымдастыру қажет деген шешімге келдім» [10]. Басқа сөзбен айтқанда, Әлихан Бөкейханов кадет партиясынан ат құйрығын үзуін қазақ қауымы үшін өмірлік маңызды үш мәселе жөнінен – аграрлық, ұлттық-мемлекеттік құрылыс және дін мәселесі бойынша келіспегендіктен деп түсіндіреді. Осылардың ішіндегі дін туралы идеясының, яғни діннің мемлекеттен бөлек болуы мәселесінің мазмұны тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақстан Республикасының Конституциясының нормаларынан өзінің шешімін тауып жатыр. Ата Заңның бірінші бабында Қазақстан «зайырлы» мемлекет [11] деп жарияланған. Демократиялық қоғамда дін міндетті мемлекеттік мәртебеге ие емес, бірақ оның өз орны бар.

Бірінші және екінші жалпықазақ съездерінде дін мәселесі күн тәртібіндегі негізгі мәселелердің бірі болды. «Алаш» партиясы бағдарламасына дін ісі жеке тарау ретінде енгізілді. Дін хақындағы көзқарастардың көпжақтылығына қарамастан қазақ зиялылары өз

дәуірінде қол қусырып, жылы-жұмсаққа бөленіп отырған жоқ. Олар елдің болашағы, ұлттың тұтастығы мәселелерін шешуде аянбай тер төгіп, өздерінің қайтпас табандылығы мен ұлтжандылығын көрсетті.

Қазақстанның барлық облысынан дерлік өкілдер қатысқан I Бүкілқазақ съезі 1917 жылы 21-26 шілдеде Орынбор қаласында өтті. Күн тәртібінде 14 мәселе қаралды. Соның ішінде съезд дін мәселесін қарап, Ақмола, Семей, Жетісу және Каспий жағалауы (Маңғыстау уезі) облыстарының қырғыздары (қазақтары) уақытша Орынбор муфтиатына қосылады деп шешті [12]. Съезде ислам дінінің қоғамдағы қызметі анықталды.

Дін мәселесі

1. Дін ісі мемлекет ісінен айырылсын.
2. Торғай облысының қазағы уақытша Орынбор муфтилігіне қарасын.
3. Муфти һәм қазыларды сайлауға әр ұлт өзінің санына қарай қатыссын.
4. Духовное собрание туралы жаңғыртып низам шығарғанда қазақ өкілдері бірге болсын.
5. Имам һәм муфтиді халық сайлайды, ақындарды имамдар өз арасынан сайлайды, қазыларды ақындар сайлайды. Имам, муфти, ақындардың дәрежелеріне лайық шаһоднамасы болсын.
6. Мешіт саны халықтың тілегінше болсын [13].

I Жалпы қазақ съезінің дін мәселесі бойынша қабылдаған қаулысының мазмұны төмендегідей болды:

- 1) Ақмола, Семей, Жетісу, Торғай, Орал һәм Закаспий (Маңғышлақ уезі) облыстарының қазақтары уақытша Орынбор муфтилігіне қарасын.
- 2) Духовный собранияның қарауына тиісті мәселелерді жалпы қазақтың суд комиссиясы айырсын.
- 3) Суд жобасы түзелгенше Орынбор мекеме шарғиясына қарайтын қазақтың діни істері ноғайлардікіндей болсын.
- 4) Мекеме шарғия құзырында қазақ бөлімі болсын һәм қазақ істерінің бәрін қазақ бөлімі муфтиімен бірге қарасын, ал ортақ істерді ноғай қазыларымен һәм муфтимен бірге қарасын.
- 5) Әр облыстан (Маңғышлақ уезінен басқа) бір қазы сайлансын.
- 6) Қазақ бөлімінің істері таза қазақ тілінде жазылсын.
- 7) Мекеме шарғия құзырындағы қазақ бөлімінің кісілері һәм қызмет қақы мынадай болсын: (406-б.) бес қазыға жылына 4800 сомнан, бір секретарға 4800 сом, кеңсе расходы 10 мың сом.
- 8) Әр облыс қазыға төлесін 4800 сом, секретарға 1000 сом, кеңсе расходына 2000 сом, барлығы 7800 сом.
- 9) Секретарды қазақ қазылары өздері сайлап алсын.
- 10) Қазыдан төменгі руханилардың қаржысы әр халықтың өзінен болсын.
- 11) Орал облысынан қазылыққа сайланған Қайырша Ахметжанұғлын һәм Бөкейліктен Ғұмар Қарашұғлын съез лайық көрді. Өзге қазыларды әр облыс өзі сайлауға қалдырды.
- 12) Мақалалардың қандай болуы әр облыстың съез қаулысынша болсын деді.
- 13) Бұл мәселелер хақында съез қаулысын орындау облосной комитеттерге тапсырылды [14].

Жоғарыдағы дін мәселесі жөнінде қабылданған қаулыда қазақ зиялыларының ықпалы сезіліп тұр. Съездің дін мәселесі бойынша қабылдаған шешімі қазақ демократиялық зиялыларының бұл қоғамдық мәселені түсініп, шешуде өз заманындағы қоғамдық ойдың алдыңғы қатарында тұрғандығын айғақтайды.

«Алаш» партиясы бағдарламасының жобасының «Дін ісі» деп аталатын IV тарауында былай делінеді: «Дін ісі мемлекет ісінен айырулы болу. Дін біткенге тең хұқық. Дін жаюға ерік. Кіру-шығу жағына бостандық. Муфтилік қазақта өз алдына болу. Неке, талақ,

жаназа, балаға ат қою сияқты істер моллада болу, жесір дауы сотта қаралу» [15]. Бұл баптан байқайтынымыз Алаш партиясы дін бостандығы жағында болды.

Қазақ мемлекеттігі туралы мәселе қараған ІІ жалпықазақ съезі муфтилік мәселесін де күн тәртібіне қойып, қарастырды. Алаш зиялылары муфтилік қызметке алынатын адамның қандай талаптарға сай болу керектігін де айқындап берді. «Муфтиге қандай өнерлі кісі лайық деп сөз болғанда, муфти орнына сайлау шарты мынау болсын: дін туралы кітап жазып, кітабын сынға салып, бәйге алған ғана кісі сайлансын, мына Еуропа университеті ғұламасының жолы сияқты деп едім» [16]. Съездің күн тәртібінде тұрған ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия мәселесі еді. Съезд орталық билік – Ұлт Кеңесі – Алашорда үкіметін, халық милициясын және ұлт қазынасын құру ісіне жете көңіл аударды. Қазақ халқы дәстүрлі ислам дінін ұстанады. Дәстүрлі ислам дегенде Әбу Ханифа мазһабына сүйенеміз. Қазақ халқы ежелден Әбу Ханифа мазһабын ұстанған. Ол он екі ғасыр бойы келе жатқан дүние.

Қорыта келгенде, Алаш қайраткерлерінің дінге теріс көзқараста емес екенін, дінді біржақты қолдап отырғанын байқай аламыз. Тәуелсіздіктің туын тіккен қазіргі Қазақстан Республикасында ХХ ғасырдың басында қазақ ұлт зиялылары көтерген мәселелері өз шешімдерін табуда. Олардың қазақ халқын, жерін, дінін, мәдениетін қызғыштай қорғап, империялық басқыншылыққа, орыстандыру саясатына қарсы батыл үн көтеруі, орыс мемлекетіне жұтылып кету қаупінің барлығын алдын ала сезініп ескерте білді, тіпті Қазан төңкерісінен кейін де қызыл империяның дінді жойып, мешіттерді күл-талқан етіп, қазақ халқын қолдан қырған іс-әрекеттеріне өз наразылықтарын ашық білдіруі үлкен мақтанышқа тұрарлық қасиеттер. Ислам дініне қатысты идеялары да бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселелер болып қала бермек. Бұл идеялардың қазіргі күннің талаптарымен ұштасатыны анық байқалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. 96-б.
2. Бұл да сонда, 99-б.
3. Дулатұлы М. Оян, қазақ! – Алматы: Алтын Орда, 1991. 3-б.
4. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы, 1995. 137-138-бб.
5. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 11-б.
6. Ә.Бөкейханов. 2 февраль. - «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 126-б.
7. А.Байтұрсынов. Жер жұмысына дін жұмысын қыстырмалау. - «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 84-б.
8. А.Байтұрсынов. Бастауыш мектеп. - «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 100-101-бб.
9. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 325-б.
10. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010. 100-101-бб.
11. Тәуелсіз Қазақстан тарихы: хрестоматия. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. 18-б.
12. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010. 103-б.
13. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 376-б.
14. «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 406-407-бб.
15. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. – Алматы, 2010. 120-б.
16. Ә.Бөкейханов. Мұсылман сиезі. - «Қазақ» газеті. – Алматы, 1998. 119-б.

МАЗМҰНЫ:

Мұтанов Ғ.М. Алғы сөз.....	3
----------------------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Әбжанов Х. Елбасының Қазақстан халқына 2017 ж. Жолдауы: Алаш мұратымен және Мәңгілік ел идеясымен сабақтастық пен жанашылдық.....	4
Омарбеков Т. 1917 жыл: қазақ интеллигенциясының көзқарастарын тарихнамалық талдау.....	7
Жеменей И. Алаш және тарихи таным.....	14
Мұқаметханұлы Н. Алаштықтардың Қытайдағы тағдыры.....	19
Кәрібаев Б.Б. Б. Сыртановтың қоғамдық-саяси көзқарастары.....	22

СЕКЦИЯЛЫҚ МӘЖІЛІСТЕР

БІРІНШІ СЕКЦИЯ / ПЕРВАЯ СЕКЦИЯ

Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруының тарихи-рухани негіздері / Историко-духовные основы новой глобальной модернизации Казахстана

Ташенев М.Ж. Конституционная реформа в Казахстане – основа демократизации и экономического роста.....	30
Нургазина Н.Д. О глобальном значении цивилизации евразийских кочевников.....	36
Қозыбақова Ф.А. Мұстафа Шоқай еңбектері – Қазақстанның XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси өмірін оқып-зерттеуде құнды дерек көзі.....	39
Нұрбекова Р.Қ. «Айқап» - қазақ қоғамының саяси және әдеби өмірінің бейнесі.....	43
Айдарбаева Р.Қ. Қазақстан өңірлері тарихынан.....	46
Хайрулдаева А.М. Қожаберген жырау шығармаларындағы Қазақстанның ортазиялық елдермен қарым-қатынастары.....	50
Каримова Д.К. Особенности процесса нациестроительства в Республике Казахстан.....	53
Арапов Ж.М. Тәуелсіздік тағылымның біртұтас тарихы.....	56
Серікқызы А. Орыс географиялық қоғамына мүше болған қазақ зиялыларының ғылыми қызметі мен көзқарастары.....	58
Маликова В.Қ. «Мәңгілік ел» - жаңа қазақстандық патриотизмнің кемел келбеті.....	62
Ахмадиева Ж.Қ. Ғасырлар тоғысындағы Қазақстан халықтарының мәдени құндылықтары.....	66
Сайынова Б.Б., Палман Ә.С. Қазіргі Қазақстан экономикасындағы бағамдық ауытқулардың заңдылықтары.....	72

ЕКІНШІ СЕКЦИЯ / ВТОРАЯ СЕКЦИЯ

«Мәңгілік ел» идеясы және Отан тарихының өзекті мәселелері / Идея «Мәңгілік Ел» и актуальные проблемы Отечественной истории

Uydu Yücel M. Islam öncesi türk devlet teşkilatında hatun'un önemini bir göstergesi: hatun şehirler.....	77
Калыш А.Б., Керимкулова А. История формирования белорусского населения Казахстана.....	85
Мұхатова О.Х. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы темір жол құрылысы және оның жобалары.....	92
Сайлан Б., Раушанбек Б. Қазақ халқының дәстүрлі жауынгерлік қару-жарақ түрлері.....	97

Aksoy M. The name “turk” and turkish damgas.....	101
Қоңыратбаев О.М. Түркі халықтарына ортақ түйткілді мәселелерді талқылаған құпия кеңес (Мәскеу, 1920 жыл).....	108
Пилипчук Я.В. Отношения тимуридов и шибанидов с империей Мин.....	114
Клементьева Н.В. Южноуральские органы здравоохранения в 1922-1936 гг.....	118
Devrişeva H. Ahıska türklerinin tarihi.....	124
Невзорова И.В. Дискуссионные вопросы историографии участия казахов в «пугачевщине».....	130
Петрич Л.В. «Советский всеобуч»: исторический опыт Оренбургской губернии по ликвидации неграмотности среди национальных меньшинств (1920-е гг.).....	132
Альжаппарова Б.К. Некоторые вопросы зарубежной историографии политики коллективизации и оседания в Казахстане.....	136
Қоскеева Ә.М., Дүкенбаева З.О. әл-Фараби мұрасы қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілі А.Ж. Әл-Машани зерттеулерінде.....	141
Өскенбай М.Ә. Орта Азия түркі тайпаларының аң аулаудағы сабақтастық мәселесі.....	145
Жириндинова Қ.Р. Ұжымдастыру жылдарында шығыс Қазақстанның шекаралық аудандары тұрғындарының шет елге қоныс аударуы.....	149
Сагинаева А.Н. Қоман-қыпшақтарының этникалық тарихының мәселелері.....	153
Кошымова А.О. Әзірбайжан тарихындағы оғыздық компоненттің көрінісі (топонимдік атаулар негізінде).....	157
Vorsokeyeva N. Tanzimat döneminde mektuplaşma.....	161
Галимов Е.А. Сұлтан-билеушілердің қазақ жеріндегі патша билігінің орнығуындағы рөлі.....	165
Ақынова А.П. Византия империясының экономикалық дамуының ерекшеліктері.....	168
Маликов Б. Қазақ даласында болыстық жүйенің құрылуы: Ақтөбе және Қазалы уездерінің материалдары бойынша салыстырмалы талдау.....	172
Батырбекқызы Г. Историография изучения личности Назира Турекулова.....	176
Асанканова А.А. Формирование движения за демократические реформы и начало борьбы против бакиевского семейного клана управления государством (январь - апрель 2006- апрель 2007 гг.).....	180
Булғынбаева А.К. Социально-экономические и культурные мероприятия советской власти в восточном Казахстане в 20-30-е гг. XX в.....	188
Бижанова М.Т. М. Тынышбаевтың еңбектеріндегі Алтын Орда мен Қазақ хандығы тарихының мәселелері.....	192
Рамазанова А. Қазақ хандығының дипломатиялық байланыстарындағы дін рөлі.....	196
Сатаева Б.Е. Қазақ даласында орналасқан орта тас (мезолит) ескерткіштерінің тарихын зерделеу.....	200
Тургумбаева А.С. К вопросу завоевания Российской империей территории Казахстана.....	204
Хавдалгаз Х. Моңғолия қазақтарының тарихы.....	211

ҮШІНШІ СЕКЦИЯ / ТРЕТЬЯ СЕКЦИЯ

Е.Бекмаханов мұралары және «Алаш» идеясы мен Алаштану мәселелері / Наследие Е. Бекмаханова, идея «Алаш» и вопросы Алашеведения

Аманжолова Д.А. Алашординцы в советском управленческом классе.....	217
Смағұлова С. Шығыс Алашорда қайраткерлері: қоғамдық қызметтері және тағдырлары.....	222
Малыбаева Б.С. 1917 год в Казахстане через призму истории движения «Алаш».....	227
Хамитова М.А. Алаш қайраткерлері және Әлкей Марғұлан.....	232
Смағұлов С. Алаш қозғалысы және дін мәселесі.....	237

Жаманбаева Л.Қ. Алаш қайраткерлері және мемлекеттік шекараны межелеу мәселесі.....	242
Бекіш А.Ә. Әлихан Бөкейханның қоғамдық-саяси қызметі.....	248
Абенов А. Алаш зиялылары және ұлт тарихына қатысты мәселелер.....	253
Досжан Н. «Алаш» идеясындағы-тіл жайы, Алаштану мәселелері.....	256

ТӨРТІНШІ СЕКЦИЯ / ЧЕТВЕРТАЯ СЕКЦИЯ

Тарихты оқытудың инновациялық әдістері мен технологиялары / Инновационные методы и технологии обучения истории

Любичанковский С.В. Краеведение как средство формирования компетентности будущего учителя истории.....	263
Кәрібаев Б.Б. «Тарих» мамандығының 1-курс студенттеріне Қазақ хандығының құрылу тарихына қатысты деректерді оқытудың тиімді жолдары.....	268
Хабижанова Г.Б. Проблемно-ориентированное обучение в процессе преподавания истории Казахстана.....	271
Әбділдабекова А.М., Телеуова Э.Т. Зияткерлік қоғамды қалыптастыруда тарихи білім берудің маңызы.....	273
Абдилдабекова А.М. Повышение познавательной активности студентов при изучении истории Казахстана XX века через микроисторию.....	276
Ахметжанова А.Т., Сарыбаев М.С. Гуманитарлық факультеттер студенттері тарихшы-ғалымдардың еңбектерін оқып-зерттеу тәжірибесінен.....	278
Удербаева С.К. Гуманизация образования в высших учебных заведениях.....	281
Қозғамбаева Г.Б. Білім беру үдерісінде жанашыл әдістерді қолдану жолдары.....	284
Ахметжанова А.Т., Тасилова Н.А. «Империя тарихын зерттеуде шет ел тарихнамасындағы жаңа ұстанымдар» таңдау пәнін оқытудың маңызы мен ерекшелігі...288	288
Удербаева С.К. Образовательные возможности интернет-ресурсов при подготовке профессиональных историков.....	292
Егізбаева М.Қ., Қозғамбаева Г.Б. Музей педагогикасы пәнінің аясында мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеудің әдістемесі.....	294
Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А. Шетел студенттеріне "Қазақстанның қазіргі заман тарихы" пәнін оқытудың маңызы мен ерекшелігі.....	297
Maydanali Z. Magistracy (graduate studies) at the present stage of development of the educational system in Kazakhstan.....	300
Дауытбекова М.Қ. Қазақ мемлекеттілігі тарихын оқытудың әдістемелік мәселелері.....	303
Қозғамбаева Г.Б. Сыни тұрғысынан оқыту технологиясын пайдалану жолдары.....	308
Абикенова К.Е., Құмғанбаев Ж. Қазақстан тарихын оқыту мазмұны мен пішінін өзгерту жолдары.....	312
Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д., Искакова Ғ.З. "Деректану" пәнін оқытуда статистикалық деректерді классификациялау мен талдау әдістері.....	315
Мейрманова Г.А. Қазақстанда көптілді білім берудің әдістемесі.....	320
Есеркепова Ж.О. Тарихты оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану.....	323
Өскембай Ә.А. Тарихты оқытуда мұғалімдерге қойылатын талаптар.....	330
Мейрманова Г.А. «Экскурсиялық туризм қызметінің менеджменті» сабағында «туризмдегі менеджменттің даму тарихы» тақырыбын түсіндіру әдістемесі.....	335
Тойшубекова Ж.К., Ибрагимова М. Оқытудағы коучинг тиімділігі.....	340
Тоқсанбаев А.Қ. «Мәңгілік ел» идеясының - жастар тәрбиесіндегі ықпалы.....	343
Раймбекова М.Т. Тарих сабақтарында жаңа технология элементтерін пайдаланудың маңызы.....	346

Нусупбаева С.А., Ибрагимова М.Н., Азнабакиева М.А. Ауған тыңдаушыларына Қазақстан тарихынан бақылау жұмысын жүргізудің тиімді жолдары.....	349
Бактиярова Ш.Т. Мультимедиялық презентациялар оқытудың технологиясы ретінде.....	352
Тоқсанбаев А.Қ. «Мәдени мұра» бағдарламасын оқытудың маңызды бағыттары.....	355
Ахметқұлова Б.Н. Қазақстан тарихын оқытуда CLIL әдісін қолдану.....	358
Ибрагимова М.Н., Нусупбаева С.А., Азнабакиева М. Шетелдік қандастарымызға «1867-1868 жж. Қазақстандағы реформалар» атты тақырыпты түсіндірудің тиімді жолдары.....	362
Шамшихан А.М. Туризмдегі ақпараттық технологиялар туралы.....	365